

В.Х.Әділова

## Оқыту технологиялардың кейбір теориялық аспектілері туралы

Мақалада технологияның дамуы білім беру теориясы, тәрбие теориясы, жеке даму теориясы және басқару стратегиясының осы үдерістермен, сондай-ақ және басқарманың рәсімінің құрамы арқылы жүзеге асатындығы туралы айтылған. Оқыту технологиясының теориялық негіздері беріліп, ғылыми зерттеулердің оқу іс-әрекетін қалыптастыруға, нәтижесі мен қарқындылығы артуына әкелетіндігі жайлы сөз қозғалған.

V.Kh.Adilova

## About some theoretical aspects technologies of educating

Since the technology is implemented by learning theory, theory of education, the theory of personality development, strategy and management of these processes is carried out a set of procedures management, the paper presents the theoretical foundations of learning technology, characterized by the direction of research activities to improve teaching, enhance its efficiency, intensity.

### References

- 1 *Message of President of Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to people of Kazakhstan: «Nurly zhol is a way in the future»*, on November, 11 2014, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- 2 *Pedagogics: pedagogical theories, systems, technologies*, textbook, under edit. S.A.Smirnov, Moscow: Academiya, 2003.
- 3 Zhao S. *Metatheorizing in Sociology*, Handbook of Social Theory. Ritzer G., Smart B. (Eds). Sage, London, 2001, p. 386–394.
- 4 Smirnov S.A. *Pedagogics and psychology of higher education: from activity to personality*, Moscow: Aspect Press, 2004, 272 p.
- 5 Gershunskiy B.S. *Philosophy of Education for the XXI century*, Moscow, 1998, p. 32.
- 6 Gusinskiy E.N., Turchaninova Yu.I. *Introduction to philosophy of education*, Moscow, 2000.
- 7 Fokin Yu.G. *Theory and technology training. Activity approach*, textbook, Moscow: Akademiya, 2007.

ӘОЖ 37.015 (058.862)

М.Т.Баймұқанова, А.Қ.Омарова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: [marber\\_96@mail.ru](mailto:marber_96@mail.ru))

## Әлеуметтік жетімдік мәселесінің психологиялық-педагогикалық аспектілері

Мақалада жетімдік, әлеуметтік жетімдіктің пайда болу себептері қарастырылды. Авторлар әлеуметтік жетім және отбасында тәрбиеленетін балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін айқындауға көп көңіл бөлген. Әлеуметтік жетім және жетім болу қауіпінде тұрған балаларға әлеуметтік, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек және қолдаудың мүмкін болар түрлерін атап көрсеткен. Сондай-ақ отбасылық үлгідегі балалар ауылының балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктеріне әсерін, балаларды тәрбиелеу ерекшелігіне және оның интернаттық мекемелердегі тәрбиеден айырмашылығын атап көрсеткен.

*Кілт сөздер:* жетім бала, ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, жетім бала психологиясы, интеллектуалдық даму, тұлғалық даму, мәселелі отбасында балалардың даму ерекшеліктері, отбасы типіндегі үйлер, SOS Балалар ауылы.

Бала психикасының дұрыс қалыптасуында жанұяның ерекше орын алатыны белгілі. Жанұяның мәні баланың тәжірибе жинақтауға жасалатын жағдайларымен анықталады. Адам ерте балалық шағынан бастап, ересектерден тек жүру, сөйлеу, заттарды дұрыс қолдану, ойлану, білім алу, еңбек

етуге ғана емес, сезімдерге, ойлауға, күйзеліске, өзіне және өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Жанұяда бала табиғи жағдайда өмірге бейімделе алады, себебі күнделікті, таңертеңнен кешке дейін ата-аналары, аға-апайлары, апа-аталары баланың алдында мінез-құлық, жүріс-тұрыстың әр түрлі үлгілерін ұсынады: сөйлеу және ым-ишара мәселелері, еңбекке баулу, адамдармен қарым-қатынас жасау, саясатқа деген көзқарасын қалыптастыру т.б.

Бірақ қоғамда ата-ана қамқорлығынан айырылған, кәмілеттік жасқа толмаған балалардың өмірін сипаттайтын жағымсыз әлеуметтік құбылыс — жетімдік бар.

Жетім бала — ата-анасының екеуі де немесе жалғызбасты ата-анасы қайтыс болған бала.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала — ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала [1].

Жетімдер санының жылдан жылға өсуі бұл мәселені өзекті мәселелердің қатарына қойып отыр. Осыған байланысты балалар үйлері көбейіп, оларды қамтамасыз етуге мемлекеттің қыруар қаржысы жұмсалып отыр. «Аманат» қорының жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, балалар үйлерінен тәрбие алып шыққан тәрбиеленушілер 50 % тұлғалық, психологиялық қиындықтардың әсерінен қылмыстық ортаға түсетіндігі дәлелденді. Тәрбиеленушілердің қиындықтарын жеңу үшін, оларды қоғамдық ортаға психологиялық бейімдеу үшін сәйкес психологиялық-педагогикалық көмек қажет екендігін осы фактіден көруге болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында «Неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қарауында болады» және «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» деп жазылған. Яғни аталған бап кез келген жастағы азаматтардың қорғауға құқығын бекітеді. Аталған баптың 2-тармағы балалардың қамқорлыққа, тәрбиелену мен қорғалуға құқығын бекітеді, сондай-ақ бұл міндетті ата-аналарға жүктейді [2].

Алайда ата-аналар әр түрлі себептерге байланысты бұл міндеттерді орындай алмайды. Яғни балалардың әлеуметтік жетім болуы әке-шешелерінің ата-аналық құқықтарынан айырылуы, материалдық, тұрмыстық жағдайдың өте төмендігі, әйелдердің некесіз тууы, ата-аналардың түрмеде отыруы сияқты әлеуметтік себептерге байланысты. Ішімдікке салыну әлі күнге дейін жетімдіктің негізгі себебі болып келе жатыр. Ерекше топты тастанды балалар құрайды. Баладан бас тартудың басым себептерін — баланың жазылмас ауруға шалдығуы, сонымен қатар отбасындағы материалдық және тұрмыстық жағдайдың өте төмендігі құрайды.

Кез келген балаға ата-ана тарапынан берілетін махаббат пен сүйіспеншіліктің орны ерекше, осындай назардың жетіспеушілігі, олардың әлеуметтік ортада өз орындарын табуына, әлеуметтік байланыстарды орнатуына көп кедергісін келтіреді.

Ағылшын психологы Дж.Боулби жарты ғасырдан астам аналық қарым-қатынастан айырылған балалардың даму мәселесімен айналысты. Оның пікірінше, баланың жастайынан дұрыс дамуы үшін тек биологиялық анасымен байланыс қажет екендігін айтады.

Кенес психиатры М.И.Буяновтың айтуынша, «жарты ғасырдан аса Боулби жазғандары ішінен тек бір нәрсені: бала мінінің үйлесімді дамуы үшін ана қамқорлығы қажеттігін мойындауға болады, бірақ бұл қандай қамқорлық, бұл неден байқалу қажет және т.с.с. — бұл әлі шешілмеген және нақтылауды қажет етеді» деп айтады [3].

Отбасының қолайсыз жағдайы мен өмірлік жағымсыз шарттары, сондай-ақ отбасындағы тәрбиенің қателігі баланың қоршаған әлемге деген көзқарасын бұзады, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына теріс ықпал етеді. Ата-анадан айырылған және интернат жағдайына түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп-бағыттауы бұзылады, көңіл-күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалады, өзіне-өзінің сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды. Эмоционалдық-танымдық талпынысы төмендейді де, интеллектуалдық дамуы тежеледі.

Интеллектуалдық дамудың тежелуімен қоса, парааутизм аясында эмоционалдық дамудың кешенді күрделі бұзылыстары қалыптасады: эмоциялық көңіл-күйін білдіре алмау, қарым-қатынастағы қиыншылық, беріктестікке қабілетсіздік, самарқаулықтың күшеюі, қозғаушы

түрткілерден тез айырылу, жасы өсе келе эмоциялық дамуда кенже қалушылық арта түседі. Көп жағдайда балалар үйі тәрбиеленушілері жалпы білім беру мектеп бағдарламасымен оқуға қабілеті жоқ.

Әлеуметтік жетім балалардың даму ерекшеліктерін атап өтсек:

1. Мектепке дейінгі балаларды келесі мәселелер қинайды:
  - түнгі қорқыныштар;
  - қорқу сезімі;
  - олар өздерін кішкентай балалар сияқты сезінеді;
  - өздерімен, өзімен жасты балалармен немесе ойыншықтармен сексуалды ойындар ойнайды;
  - нервтік-психикалық күйзелістерге душар.
2. Бастауыш мектеп балалары:
  - мектептеге қиындықтарды кешеді;
  - тұйық болады, үлкендерден жабық болады, әсіресе ата-анадан;
  - өзінің құрбыларымен қарым-қатынасы әлсірейді;
  - рөлдік іс-әрекеті өзгереді;
  - олар шектен тыс қиялға беріледі;
  - анда-санда өздерін сексуалды ұстайды;
  - белгісіз себептермен ішінің ауыруымен киналады.
3. Жоғарғы сынып оқушылары, жасөспірімдер:
  - балалық шаққа түседі;
  - үйден қашады;
  - оларда өз-өздерін бағалауы төмен;
  - жезөкшелікпен айналысады;
  - өзіне-өзі қол жұмсау іс-әрекетін жасайды;
  - алкоголь және нашакор қолданады;
  - келеңсіз, сексуалды іс-әрекетті жария етеді.
4. Белгісіз себептермен оларда әр түрлі аурулар пайда болады:
  - аллергия;
  - іштің ауыруы;
  - бастын ауыруы.

Психикалық дамуында кідірістер бар, әр түрлі деңгейдегі олигофрения — қолайсыз отбасынан шыққан балалардың күнделікті диагноздары. Олардың барлығы педагогикалық артта қалған, сөздік қоры аз, себебі олармен ешкім жұмыс жасамайды. Он екі және он үш жастағы балалар арасында токсикомандар, нашакорлар кездеседі [4].

Әлеуметтік жетім балалардың осындай жағдайға жету себептерін атап өтсек:

- ересектердің балалармен қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырмауы, жетімханаларда басым байқалатын осы мәселе төңірегіндегі қарым-қатынас түрлерінің тепе-тең еместігі;
- ересектердің балалармен қарым-қатынасында сенімділік пен сырластықтың төмен болуы;
- баланың белгілі бір ересек адаммен ұзақ уақыт берік өзара қатынас орнату мүмкіндігінің жетімсіздігі;
- мінезі жағынан үйлеспейтін ересектердің бірін-бірі алмасуы және ересектердің ауысуының жиілігі;
- тәрбиелік ықпалдасудың даралыққа емес, топқа бағытталуы, баланың әрекетін қатаң шектеушілік, әрекеттегі гиперопека — ересектердің баланың әрекетінің әрбір қадамын жоспарлауы мен басқаруы;
- жетімдер үйіндегі тәрбиешілер мен басқа да қызметкерлердің психологиялық дайындығының жетімсіздігі;
- отбасының жоқтығынан туындаған, дамудың орны толмайтын жетімсіздік тұстары, тәрбие мен оқу бағдарламаларындағы кемшіліктер;
- оларды қоршаған ортаның және дамудағы әлеуметтік жағдайлардың шектеушілігі, заттық кеңістіктің біртектілігі;
- баланың үнемі ұжымдық ортада болуы.

Көрсетілген факторлар жетім үйлер жағдайында тәрбиеленіп жатқан балалардың тұлғалық даму құрылымының барлық деңгейінде өз ізін қалдырады [5].

Өлеуметтік жетім балалардың психологиясын жетілдіру және әлеуметтенуіне көмектің және қолдаудың мүмкін боларлық түрлері:

- 1) отбасы мәселесін және көмек пен қолдауды қабылдауға дайындықты түсінуін айқындау мақсатында ата-аналармен диагностикалық әңгімелесу;
- 2) баланы бақылау;
- 3) психологтың ата-аналар мен балаларға кеңес беруі, медициналық көмек;
- 4) баланы қосымша білім мен тәрбиелеу жүйесіне тарту;
- 5) қажет болған жағдайда мұғалімдер тарапынан балаға қосымша көмек көрсету;
- 6) өлеуметтік педагогтың әрқайсысымен отбасындағы қатынасты өзгерту бойынша жеке жұмыс жүргізу;
- 7) баланың бейәлеуметтік тәртібі кезінде (агрессивтік, депрессивтік, суицидалдық және т.б.) баланы балалар психиатрына қарату;
- 8) мектеп бағдарламасын игермеген жағдайда баланы медициналық-педагогикалық зерттеуге жіберу;
- 9) заң кеңесін беру;
- 10) мектеп мұғалімдері мен дәрігерлер тарапынан балаларға аса көңіл бөлу;
- 11) балаға бос уақытын жоспарлауға көмектесу және қызығатын іспен айналысуға тарту;
- 12) жақын туыстарды тәрбиелеуге тарту мүмкіндігін немесе қоғамдық ұйымдар ресурстарын іздеу;
- 13) ата-анасының біреуі болмағанда балаларды тәрбиелеу дағдыларына бір ата-ананы үйрету;
- 14) мүдделі ұйымдар мен қоғамдық құрылымдар тарапынан көмек пен қолдауды ұйымдастыру [6].

Балалардың сапалы өмір сүру керек екендігі де бәрімізге мәлім. Осы бағытта мемлекет тарапынан көрсетілетін нақты көмектердің бірі жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға кешенді көмек ретінде оларды түрлі мекемелерге орналастыру жұмыстары болып табылады. Солардың бірі отбасы типіндегі балалар үйі.

Отбасы типіндегі балалар үйі — бұл арнайы отбасы типінде құрылған балалар үйі. Оның интернаттық мекемелерден айырмашылығы, бала тұлға ретінде әлеуметтік қалыптасуы, тәрбиеленуі үшін қолайлы жағдайлар туғызатын отбасына түседі. Оның жетіспеушілігі қалыптасқан отбасы ортасы бұл бала үшін жеткілікті бейімделмеген болуы және қамқоршы ата-ана міндеттерін алған тәрбиелеушілер ата-ана міндеттерін орындауға жеткілікті дайын болмауы болып табылады.

Қазақстанда 1997 жылдан бастап өз қызметін атқарып келе жатқан осындай отбасы типтегі үйлердің бірі — SOS Балалар ауылдары. Балалар ауылдары (SOS–Киндердорф) — отбасына жақын түрінде жетім балаларды тәрбиелеу мекемесі. Алғаш рет 1949 жылы австриялық педагог Герман Гмайнермен құрылған, қазір дүние жүзінің 120 мемлекетінде жұмыс істейді. Қазіргі кезде елдің Алматы, Астана, Теміртау қалаларында жұмыс істеп келеді.

Отбасы типтегі балалар үйлерінде педагогтар ата-аналар функциясын атқарады, ал 6–8 бала — соларға бала, қыз, бір-біріне апа, сіңлі, аға, іні рөлдерін атқарады. Егер балада туған аға-інілері, қарындас және апа-сіңілілері болса, олар барлығы бір үйде тұрады. Жанұяның басында балаларды тәрбиелейтін, оларға қамқорлық пен махаббат сыйлайтын ана-тәрбиелеуші тұрады. Аналарда көмекшілер болады, оларды «тәтейлер» деп атайды. Қажет болған жағдайда тәте балалардың жанында ананың орнында бола алады (ананың ауырып қалуы, демалысқа шығуы және т.б. жағдайларында). Сондай-ақ ол шаруаны жүргізуге көмектеседі. Бұл топтарда ересек балалар кіші балаларға көмектеседі, әрі әрбір топта өз қолданыстарында бірнеше бөлмелер болады. Ол бөлмелер: жатын бөлме, ойын бөлмесі, демалыс және сабақ бөлмелері, санитарлы-гигиеналық блок, асхана. Демалыс күндері бұл асханада балалар өздеріне ұнайтын асты, өздері даярлауға, қажет кезде шәй ішуге, мереке және туған күндерге қонақтар-достарын шақыруға мүмкіндік алады. Балалар тұрмыстық, үй шаруашылығын ана-тәрбиешімен ақылдаса отырып, шешеді. Балалар оқудан тыс шығармашылық үйірмелерге, спорттық үйірмелерге қатысады. Балалар ауылында педагог, психолог және педагог-ұйымдастырушы сияқты мамандар жұмыс істейді.

Бұл жоғарыда аталған үлгілер балалар үйлері, интернаттардағы сақталған дәстүрлі өмір салтын бұзуға, автономды тұрмыс салтын құруға көмектеседі. Мұндай автономды дербес тұрмыс салты

психологиялық комфортты сезінуге көмектеседі және балалардың бойында қажетті дәрежеде тұрмыстық дағды-іскерліктердің қалыптасуына себепші болады.

Сонымен, жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың қоғамда білімді, тәрбиелі, психологиялық-эмоционалдық дамыған азамат болып өсуі өте маңызды. Бұған ерекше түрде көмектесетін психолог, әлеуметтік педагог, әлеуметтік қызметкерлердің көмегі көп. Олардың жетім балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуінің негізгі міндеттері — тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғау және денсаулығын сақтау, білім алу, кәсіби бағдарының, әлеуметтік-тұрмыстық білік және дағдыларының қалыптасуы үшін қажетті көмек көрсетіп отыру; асоциалды орталарға төтеп бере алатын және қоғамда қабылданған заңдарға бағыну қабілеттерін қалыптастыра отырып, баланың өмір сүріп, дамуына қолайлы жағдай тудыру болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [www.kk.convdocs.org/docs/index-94085](http://www.kk.convdocs.org/docs/index-94085)
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [www.constitution.kz/kaz](http://www.constitution.kz/kaz)
- 3 *Тынышбаева А.А., Закарьянова Ш.Н.* Ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларды әлеуметтендіру және бейімдеу: Монография. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2009. — 150-б.
- 4 *Джакупов С.М., Изакова А.Т., Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н.* Социологическое исследование по проблемам профилактики социального сиротства. — Астана, 2008. — С. 8.
- 5 *Закарьянова Ш.Н.* Балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді әлеуметтендірудің психологиялық аспектілері: Автореф. Алматы, 2009. — 10-б.
- 6 Отбасы тұрмысының қолайсыздығын қалай жеңуге болады? Мамандар мен ата-аналарға арналған қолайлы отбасы қатынастарын қалыптастыру бойынша әдіст.-оқу құралы. — Астана, 2012. — 169–181-б.

М.Т.Баймұқанова, А.Қ.Омарова

#### Психолого-педагогические аспекты социального сиротства

В статье рассматриваются причины возникновения сиротства, особенности сиротства как социального явления. Большое внимание уделяется психолого-педагогическим особенностям и отличиям развития социальных сирот и детей, воспитывающихся в семье. Определяется содержание психолого-педагогической помощи и поддержки родителям, детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации. Показаны особенности и отличия воспитания, социализации и психолого-педагогического развития детей-сирот в детской деревне семейного типа и в других интернатных учреждениях.

М.Т.Баймұқанова, А.Қ.Омарова

#### Psychological and pedagogical aspects of social orphanhood

In this article reasons considered of origin of orphanhood and feature of social orphanhood. The authors of the article pay great attention to the psychological and pedagogical features of development of the orphans brought up in the conditions of SOS of the Child's village. Maintenance of psychological and pedagogical help and support to the parents, children appearing in a difficult vital situation also certain authors. In the article authors expose influence of education and socialization of child's village of domestic type on the features of psychological and pedagogical development of children, differences and features of education of children in child's village of domestic type from other forms boarding-school of establishments.

#### References

- 1 *About rights for children Republic Kazakhstan Law*, 2002, August, 8, № 345, [www.kk.convdocs.org/docs/index-94085](http://www.kk.convdocs.org/docs/index-94085)
- 2 *Constitution Republic Kazakhstan*, [www.constitution.kz/kaz](http://www.constitution.kz/kaz)
- 3 *Tynyshbayeva A.A., Zakaryanova Sh.N. Separated child solicitude of parents, socialization and to drive in*: Monograph, Astana: Eurasian national university the name L.N.Gumelyov, 2009, p. 150.
- 4 *Dzhakupov S.M., Izakova A.T., Abdrashitova T.A., Ospanova Ya.N. Sociological research on the problems of prophylaxis of social orphanhood*, Astana 2008, p. 8.

5 Zakaryanova Sh.N. *Psychological aspects of socialization of children brought up in child's house*: avtoref., Almaty, 2009, p. 10.

6 *How is it possible to win inconvenience of way of life of family? Methodical train aid to the specialists and parents on forming of relation in family*, Astana, 2012, p. 169–181.

ӘОЖ 376.17

Ю.Н.Камалов, Е.Е.Альчимбаев

*М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент  
(E-mail: akerke.kz.ru@mail.ru)*

### «Технология» пәнін оқытуда қалыптасатын құзыреттіліктер сипаты

Мақалада «Технология» мектеп пәнін оқытуда оқушының функционалдық сауаттылық ролі қарастырылған. Бағдарламалық материалдың мазмұны талданған. Оқушының кілтті және пәндік құзыреттілігі анықталған. «Технология» пәнін оқытудың оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық моделі көрсетілген.

*Кілт сөздер:* технология, мектеп, оқыту, оқушы, функционалдық сауаттылық, кілтті құзыреттілік, пәндік құзыреттілік, моделі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысымен «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Бұл Жоспарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесін ғылыми-әдіснамалық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің кешенді іс-шараларын жүргізу көзделген. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі жүйелік шараларды іске асыру тетіктерін анықтау міндеті қойылды [1].

Осы жаңа жағдайда мектептегі оқыту процесі оқушылардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ететін құзыреттерінің қалыптасуына және артуына негізделуі тиіс. Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдымен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын құзыреттілікпен анықталады. Функционалдық сауаттылықтан күтілетін нәтиже білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін меңгеруі болып табылады. Пәндік құзыреттілік оқушының жүйелеп жинаған білімдерін практикалық жағдайда тиімді пайдалана білу болса, түйінді құзыреттіліктер мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары арқылы қойылатын талаптармен анықталады.

Осы орайда біздің зерттеп отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың бағыты мектеп қабырғасында «Технология» пәнін оқыту үрдісінде оқушылар бойында қандай функционалдық сауаттылық қалыптасады және оны қалай дамытуға болатын мәселелерді алға тартып отырмыз.

Оқу пәндері бойынша оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылықтың алғышарттары және негізгісі ол білім берудің мазмұнымен тікелей байланыста болатындығы анық.

«Технология» оқу пәнінің мақсаты — техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісі негіздері жөнінде алған білімі жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар технологиялық ойлау қабілетін, болмысқа деген шығармашылық көзқарасын дамыту болып табылады. Пәннің оқыту бағыты оқушыларды материалдық құндылықтардың заманауи өндірісінің негізгі технологиялық үрдістерімен таныстыруға, кейінгі кәсіптік білім алуға және еңбек етуге қажетті дайындықтарын қамтамасыздандыруға негізделген. Бағдарламаның мазмұны оқушының жеке тұлғасы, отбасы және қоғамның қажеттіліктерін, қазіргі заманғы педагогикалық ғылымының жетістіктерін ескере отырып, белгіленген [2].

Бағдарлама мазмұнындағы оқу тарауларын жүйелеп талдау және жинақтап зерттеу нәтижесінде біз оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылықты пәндік және түйінді